



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

● Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Біздің тәсіл

Біз корпоративтік басқаруды бүкіл Қор Тобының тұрақты дамуы мен «тиімді жұмысының негізі ретінде қарастырамыз. Біз корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отырамыз. 2015 жылдан бастап Корпоративтік басқару кодексіне экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді қамтитын тұрақты даму қағидаттары интеграцияланған. Біз барлық портфельдік компанияларда жоғары стандарттар мен үздік тәжірибелерді таратамыз.

GRI 2-9 Біз Директорлар кеңестері мен Бақылау кеңестерінің, сондай-ақ әртүрлі құзыреттіліктері бар кәсіпқойлардың тиісті комитеттерінің құрамын мұқият қалыптастырамыз. Біз Қордың мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігін сақтаймыз. Директорлар кеңесінің құрамына Экономика, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, тұрақты даму, жаңартылатын энергетика сияқты салаларда қосымша сараптамасы бар мамандар кіруі мүмкін.

GRI 2-17 Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, тұрақты даму сияқты бағыттарды қоса алғанда, өздерінің білім деңгейін тұрақты негізде арттыруы тиіс. Қорда Қор Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму ережелері қолданылады.

Қордың корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңестерінде және Бақылау кеңестерінде, сондай-ақ олардың жанындағы комитеттерде Қор мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы тиіс.

Корпоративтік басқарудың әлеуметтік құрамдас бөлігін де, құрамдас бөлігін де біріктіретін фактор корпоративтік басқарудағы гендерлік теңгерім болып табылады. Корпоративтік басқару органдарында әйелдердің болуы және жалпы Директорлар кеңесінің әртүрлі құрамдары басқару шешімдерін қабылдау психологиясына оң әсер етеді және өзгертеді, оларды теңестіруге мүмкіндік береді.

GRI 3-3 Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында жеке сипаттамалары, жасы және гендерлік құрамы бойынша жеткілікті әртүрлілікті қамтамасыз ету ұсынылады. Атап айтқанда, Қордың және портфельдік компаниялардың директорлар Кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын үлесі Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

17%

әйелдер үлесі

Директорлар кеңестері /Бақылау кеңестері
құрамында

15%

әйелдер үлесі

Атқарушы органдарда

Қордың корпоративтік басқару құрылымы

Біздің Жалғыз акционеріміз – Қазақстан Республикасының Үкіметі. Жалғыз акционердің өкілеттігіне Қордың Даму стратегиясын бекіту, Директорлар мен Басқарма төрағасын тағайындау, қаржылық нәтижелер мен дивидендтерді бекіту кіреді.

GRI 2-11 Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Қордың Басқарма төрағасы Қордың Директорлар кеңесінің және Қордың Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

GRI 2-9 **Қордың корпоративтік басқару құрылымы**



⁴³ Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен Стратегия жөніндегі комитеттің қызметі тоқтатылды. Стратегиялық жоспарлау мәселелері тікелей Директорлар кеңесінің қарауына жіберілді.

⁴⁴ Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі №251 шешімімен Трансформация бағдарламасының іске асырылуын Бақылау комитетінің қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Тобының портфельдік компанияларын цифрландыруға және жаңғыртуға бағдарланған Трансформациялау бағдарламасын іске асырудың аяқталуына, сондай-ақ Топтың ағымдағы операциялық қызметі шеңберінде қалған іс-шаралар мен жобалардың ауысуына байланысты тоқтатылды.